

Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік университеті
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУДЕГІ МЕНЕДЖМЕНТ ФАКУЛЬТЕТІ
ЖАЛПЫ ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУДЕГІ МЕНЕДЖМЕНТ КАФЕДРАСЫ

2025-2026 оқу жылына арналған

ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

7M01106-Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық (ІР) ББ бойынша

Ақтөбе, 2025

ББ атауы және шифры: 7M01106-Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық (ІР)

Оқу мерзімі: 2 жыл

Қабылдау жылы: 2025

Компонент (ЖК/ТК)	Пән коды	Пән атауы	Семестр	Кредит саны
Модуль 1. Жалпы білім беру (20 академиялық кредит)				
БП ЖК	GTF 5201	Ғылым тарихы мен философиясы	1	4
БП ЖК	ShT 5202	Шетел тілі (кәсіптік)	1	4
БеП ЖК	ZhBBP 5301	Жоғары мектеп педагогикасы	1	4
БП ЖК	BP 5203	Басқару психологиясы	1	4
БП	PP	Педагогикалық практика	2	4
Модуль 2. Педагогикалық этика және құндылықтар (15 академиялық кредит)				
БеП ЖК	KOK 5303	Көшбасшылықты оқытуға кіріспе	1	5
БеП ЖК	BBSB 5304	Білім беру сапасын бағалау	2	5
Модуль 3. Тұрақты көшбасшылық және ұйымдастырушылық менеджмент (15 академиялық кредит)				
БеП ЖК	UP 5305	Қызметкерлерді басқару	2	5
БП ТК	IBKM 5204	Инфрақұрылымды басқару және қаржы менеджменті	2	5
БП ТК	AKBBUIBK M 5204	Арнайы және кәсіби білім беру ұйымдарындағы инфрақұрылымды басқару және қаржы менеджменті	2	5
Модуль 4. Мектеп дамуы (15 академиялық кредит)				
БеП ЖК	MMKKKD 6307	Мектеп мәдениетін қалыптастыру және кәсіби қауымдастықтарды дамыту	2	5
БП ТК	BBST 6205	Білім беру саласындағы саясат және практика	2	5
БП ТК	AKBBST 6205	Арнайы және кәсіби білім беру саласындағы саясат және практика	2	5

Модуль 1. Жалпы білім беру

Дублин дискрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Ғылым тарихы және философиясы

Бағдарлама авторы: ф.ғ.к., Сарсембин Ү.Қ.

Курсты оқытудың мақсаты: Бұл курстың мақсаты педагогикалық құзыреттіліктің келесі бағыттарын жетілдіру болып табылады: Ғылыми ойлауға арналған құзыреттіліктер саласы; Педагогика және басқару психологиясы саласындағы құзыреттіліктер саласы.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Курс барысында магистранттар ғылымның пайда болған кезінен бастап неоклассикалық ғылымның қазіргі кезеңіне дейінгі тарихын, қазіргі ғылым философиясының эволюциясы мен негізгі концепцияларын, сонымен қатар ғылымның негізгі ішкі жүйелерінің философиялық мәселелерін зерттейді. Магистранттарда ғылыми ойлау мәдениеті қалыптасып, олардың аналитикалық қабілеттері мен зерттеушілік дағдылары дамиды. Магистранттар педагогикалық зерттеулерге қатысты ғылым философиясының негізгі онтологиялық және эпистемологиялық теориялары мен негізгі көзқарастарын түсінеді.

Пререквизиттері: «Ғылым тарихы және философиясы» курсы оқып үйрену үшін магистрантта философия тарихы және теориясы, гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдары және мамандандырылған пәндерден білімі болуы тиіс.

Постреквизиттері: Ғылым тарихы мен философиясын оқып үйрену барысында алынған білім болашақ маманның ғылыми білім әдістемесінің қалыптасуына ықпал етеді, сондай ақ ғылыми зерттеу іс-әрекетінің дағдыларын дамытады.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- А) Зерттеудің құрылымы мен тәртібін әзірлеу және зерттеу жүргізу, талдау, нәтижелерді жүйелеу, қорытынды жасау және оларды дәлелдеу;
В) Онтологиялық және гносеологиялық теорияларды білім беру зерттеулері тұрғысынан түсіну;
С) Гносеологиялық тәсілді қолдана отырып, зерттеу қызметі барысында пайда болатын құбылыстар мен ерекшеліктерді бағалау және зерттеу;
D) Өз зерттеулеріңіздің мақсаттары мен сұрақтарына байланысты тиісті философиялық тұжырымдамаларды таңдау;
Е) Қазіргі теория мен практиканың шындықтарын талдау және түсіну, Зерттеу және ғылыми педагогикалық қызметті ұйымдастыру, қазіргі гносеологияның ережелерін қолдана отырып, өзіндік зерттеу идеяларын тұжырымдау.

Дублин дискрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Шетел тілі (кәсіптік)

Бағдарлама авторы: PhD, доцент Садыкова С.А.

Курсты оқытудың мақсаты: Бұл курстың мақсаты педагогикалық құзыреттіліктің келесі салаларын жетілдіру болып табылады: Коммуникация саласындағы құзыреттіліктер саласы; Педагогика және басқару психологиясы саласындағы құзыреттіліктер саласы. Курс барысында магистранттар кәсіби шет тілде сөйлеу дағдыларын дамытады, бұл оларға оқытушы ретінде шет тілдегі кәсіби қызметтің әртүрлі аспектілерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Курс барысында магистранттар кәсіби шет тілінде сөйлеу дағдыларын дамытады, бұл оларға оқытушы ретінде шетел тілінде кәсіби қызметінің әртүрлі тұстарын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Пререквизиттері: Бакалавриат деңгейінде оқытылған педагогика пәні

Постреквизиттері: Педагогикалық практика, Білім беру сапасын бағалау, Қызметкерлерді басқару, Инфрақұрылымды басқару және қаржы менеджменті, Арнайы және кәсіби білім беру ұйымдарындағы инфрақұрылымды басқару және қаржы менеджменті, Мектеп мәдениетін қалыптастыру және кәсіби қауымдастықтарды дамыту, Білім беру саласындағы саясат және практика, Арнайы және кәсіби білім беру саласындағы саясат және практика

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- А) Мәдениетаралық кәсіби және өзара әрекеттесу жағдайында шет тілінде кәсіби деңгейде ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасау;
В) Сандық құралдар мен технологияларды пайдалана отырып, ғылыми есептер, жарияланымдар мен презентациялар әзірлеу және тарату;
С) Тұлғааралық және мәдениетаралық өзара әрекеттесу мәселелерін шешу үшін ауызекі шет тілін қолдану;
D) Алған білімдерін, шетел тілін меңгеруде қалыптасқан дағдыларын және мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын кәсіби және педагогикалық қызметте қолдану;
Е) кәсіби мәдениетаралық және білім беру контекстінде ағылшын тілін меңгеру дағдыларын қолдану.

Дублин дискрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Жоғары мектептің педагогикасы

Бағдарлама авторы: PhD, доцент Рамазанова Д.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: Бұл курстың мақсаты педагогикалық құзыреттіліктің келесі салаларын жетілдіру болып табылады: коммуникация саласындағы құзыреттіліктер; басқару педагогикасы мен психологиясы саласындағы құзыреттіліктер саласы

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Курс барысында магистранттар өздерінің жалпы мәдени және кәсіби құзыреттерін дамытады. Олар сондай-ақ педагогика ғылымы мен жоғары білім беруді дамытудың заманауи мәселелері бойынша өздерінің саналы кәсіби ұстанымдарын қалыптастырады. Магистранттар жоғары оқу орнының оқытушысы ретінде жоғары білім саласындағы өзекті педагогикалық мәселелерді шешу үшін өздерінің психологиялық-педагогикалық және әдістемелік қабілеттерін дамытады.

Пререквизиттері: Бакалавриат деңгейінде оқытылған педагогика пәні

Постреквизиттері: Педагогикалық практика, Білім беру сапасын бағалау, Қызметкерлерді басқару, Инфрақұрылымды басқару және қаржы менеджменті, Арнайы және кәсіби білім беру ұйымдарындағы инфрақұрылымды басқару және қаржы менеджменті, Мектеп мәдениетін қалыптастыру және кәсіби қауымдастықтарды дамыту, Білім беру саласындағы саясат және практика, Арнайы және кәсіби білім беру саласындағы саясат және практика

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) Зерттеудің құрылымы мен тәртібін әзірлеу және зерттеу жүргізу, талдау, нәтижелерді жүйелеу, қорытынды жасау және оларды дәлелдеу

В) Сандық құралдар мен технологияларды пайдалана отырып, ғылыми есептер, жарияланымдар мен презентациялар әзірлеу және тарату

С) Педагогикалық және кәсіптік проблемалық жағдаяттарға сыни талдау жасау және жоғары оқу орындарының педагогикасын одан әрі дамыту бағыттарын анықтау

Д) Магистранттар жоғары білімнің педагогикалық тәсілдерін меңгеруі керек, күшті жақтарын және проблемаларын білуі керек; Жоғары білім беру педагогикасының әртүрлі модельдерін масштабты түрде де, халықаралық деңгейде де салыстыра білуі керек;

Е) Жасанды интеллект, онлайн оқыту сияқты жоғары білім беру педагогикасының жаңа инновацияларын білуі керек және жоғары білім берудегі инновациялардың рөлін талдай білуі керек.

Дублин дискрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Басқару психологиясы

Бағдарлама авторы: п.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент) Есенғұлова М.Н.

Курсты оқытудың мақсаты: Бұл курстың мақсаты педагогикалық құзыреттіліктің келесі салаларын жетілдіру болып табылады: ғылыми ойлау үшін құзыреттіліктер саласы; коммуникация саласындағы құзыреттіліктер; басқару педагогикасы мен психологиясы саласындағы құзыреттіліктер саласы

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Курсты оқу барысында магистранттар іс жүзіндегі басқару психологиясының рөлі мен көп өлшемді тұстарының заманауи тұжырымдамаларымен танысады. Олар кәсіби қызметін табысты жүзеге асыру және өзін-өзі жетілдіру үшін өздерінің психологиялық мәдениеті мен басқарушылық дағдыларын жетілдіреді.

Пререквизиттері: Бакалавриат деңгейінде оқытылған педагогика пәні

Постреквизиттері: Педагогикалық практика, Білім беру сапасын бағалау, Қызметкерлерді басқару, Инфрақұрылымды басқару және қаржы менеджменті, Арнайы және кәсіби білім беру ұйымдарындағы инфрақұрылымды басқару және қаржы менеджменті, Мектеп мәдениетін қалыптастыру және кәсіби қауымдастықтарды дамыту, Білім беру саласындағы саясат және практика, Арнайы және кәсіби білім беру саласындағы саясат және практика

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) Зерттеудің құрылымы мен тәртібін әзірлеу және зерттеу жүргізу, талдау, нәтижелерді жүйелеу, қорытынды жасау және оларды дәлелдеу

В) Сандық құралдар мен технологияларды пайдалана отырып, ғылыми есептер, жарияланымдар мен презентациялар әзірлеу және тарату

С) Педагогикалық және кәсіптік проблемалық жағдаяттарға сыни талдау жасау және жоғары оқу орындарының педагогикасын одан әрі дамыту бағыттарын анықтау

Д) Жеке тұлғаның психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оңтайлы көшбасшылық стилі мен ынталандыру әдістерін қолданады;

Е) Педагогикалық қызметте топтық және тұлғааралық үдерістерді, сондай-ақ өзінің мінез-құлқын, сондай-ақ басқалардың мінез-құлқын басқарады.

Модуль 2. Педагогикалық этика және құндылықтар

Дублин дискрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Көшбасшылықты оқытуға кіріспе

Бағдарлама авторы: п.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент) Есенғұлова М.Н.

Курсты оқытудың мақсаты: Бұл курстың мақсаты пәндік құзыреттіліктің келесі салаларын жетілдіру болып табылады: көшбасшылық және құндылықтар саласындағы құзыреттіліктер; ұйымдастырушылық мәдениетті дамыту

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Магистранттар педагогикалық көшбасшылықты білім беруді басқарудың бір бөлігі ретінде көрсетеді және тұжырымдамалайды. Олар өздерінің педагогикалық көшбасшылығының оқыту мен оқу үдерісіне қалай қызмет ететінін және білім беру мақсаттарына жету үшін мектептің физикалық және адами ресурстарды қалай пайдалана алатынын түсінеді. Олар сондай-ақ білім берудің үнемі өзгеріп отыратын жағдайында жеке адамдар мен қауымдастықтар үшін педагогикалық көшбасшылықтың маңыздылығын түсінеді. Магистранттар мектеп ішінде жаңа оқу қауымдастықтары мен топтарын құру және жаңа оқу орталарын, құралдарын және жаңартылған оқыту әдістерін пайдалану арқылы өздерінің және әріптестерінің педагогикалық құзыреттіліктерін дамыта алады. Олар педагогикалық жетекшілік пен мектептің негізгі білім беру бағдарламасының байланысын терең түсінеді.

Пререквизиттері: Бакалавриат деңгейінде оқытылған педагогика пәні

Постреквизиттері: Педагогикалық практика, Білім беру сапасын бағалау, Қызметкерлерді басқару, Инфрақұрылымды басқару және қаржы менеджменті, Арнайы және кәсіби білім беру ұйымдарындағы инфрақұрылымды басқару және қаржы менеджменті, Мектеп мәдениетін қалыптастыру және кәсіби қауымдастықтарды дамыту, Білім беру саласындағы саясат және практика, Арнайы және кәсіби білім беру саласындағы саясат және практика

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- А) Зерттеудің құрылымы мен тәртібін әзірлеу және зерттеу жүргізу, талдау, нәтижелерді жүйелеу, қорытынды жасау және оларды дәлелдеу;
- В) Контекстке байланысты басқарудың оңтайлы тәсілін қолдану, құндылық жасау, белгіленгендерін қайта қарау, сондай-ақ білім беру ұйымдарының мәдениетін қолдау және дамыту;
- С) Кәсіби қызметте жобаларды басқару қағидаттарын және ресурстардың әртүрлі түрлерін қолдану;
- Д) Тұлғаның психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, басшылықтың оңтайлы мәнері мен мотивация әдістерін қолдану;
- Е) Топтық және тұлғааралық үдерістерді, сонымен қатар өз мінез-құлқын, сондай-ақ педагогикалық қызметте өзгелердің мінез-құлқын басқару.

Дублин дискрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Білім беру сапасын бағалау

Бағдарлама авторы: п.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент) Тоғайбаева А.К.

Курсты оқытудың мақсаты: Бұл курстың мақсаты пәндік құзыреттіліктің келесі салаларын жетілдіру болып табылады: көшбасшылық және құндылықтар саласындағы құзыреттіліктер; педагогикалық әрекеттердің зерттеулері; ұйымдастырушылық мәдениетті дамыту

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Магистранттар мектептің сапаны қамтамасыз ету бағдарламасының және мектеп стратегиясы мен жылдық жоспарына байланысты ішкі бағалау жүйесінің тұстарын зерттейді. Олар мектеп бағдарламасын әзірлеу және күнделікті сабақ беру үшін ішкі және сыртқы бағалау деректерін пайдаланады. Олар сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық, педагогикалық және әлеуметтік шеңберлер сияқты әртүрлі көзқарастардан деректерді талдайды. Магистранттар жетілдіру салаларын таниды және мектеп негізінен дамуы қажет тұстарда ресурстарды пайдаланады. Олар осы дамуға ықпал ететін мұғалімдерді дайындаудың мақсаттарын анықтайды. Олар сондай-ақ бүкіл мектеп қауымдастығынан оң және теріс пікірлер жинаудың сындарлы тәсілдерін орнатады.

Пререквизиттері: Ғылым тарихы мен философиясы, Шетел тілі (кәсіптік), Жоғары мектеп педагогикасы, Басқару психологиясы, Көшбасшылықты оқытуға кіріспе

Постреквизиттері: Құндылықтарға бағдарланған көшбасшылық, Мектеп ұйымы құрылымына өзгерістер енгізу, Арнайы және кәсіби білім беру ұйымдарындағы басқару, Мектептің тиімділігін арттыру және дамытудың халықаралық тәжірибесі, Оқыту және өз бетімен білім алу сапасын арттыру: Іс жүзіндегі зерттеулер, Зерттеуді әзірлеу және өзгерістерді енгізу

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) Зерттеудің құрылымы мен тәртібін әзірлеу және зерттеу жүргізу, талдау, нәтижелерді жүйелеу, қорытынды жасау және оларды дәлелдеу

В) Білім беру ортасында басқару, мониторинг және бағалау процестерін жақсарту үшін цифрлық құралдарды қолдану

С) Халықаралық және/немесе қазақстандық нормаларға сәйкес ұйымдық мәдениетті қалыптастыру

Д) Білім беру ұйымында сапалық және сандық өзгерістер мен дамуға бағытталған стратегиялық құжаттарды қалыптастыру

Е) Сапаны бағалаудың заманауи тәсілдері мен әдістерін бағалайды; ұйымдағы білім сапасының ағымдағы жағдайын талдайды; халықаралық және ұлттық стандарттар негізінде өз оқу орнында білім сапасын бағалау жүйесін құрастырады; мектепті, оның білім беру бағдарламасын және практикасын жақсарту үшін бағалаудың әртүрлі түрлерінің нәтижелерін талдайды және пайдаланады.

Модуль 3. Тұрақты көшбасшылық және ұйымдастырушылық менеджмент

Дублин дискрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Қызметкерлерді басқару

Бағдарлама авторы: PhD, доцент Рамазанова Д.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: Бұл курстың мақсаты пәндік құзыреттіліктің келесі салаларын жетілдіру болып табылады: ұйымдастырушылық мәдениетті дамыту; саясат және нормативтік актілер саласындағы құзыреттіліктер саласы

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Магистранттар адам ресурстарына байланысты қазақстандық заңнаманы және нормативтік актілерді және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын оқиды. Олар сондай-ақ лайықты және ашық басқару қағидаларын үйренеді және адам ресурстарын басқару саласындағы мектеп құндылықтарын түсінеді. Магистранттар ынтымақтастық үлгісі мен әрбір адам күшті оқу қауымдастығының бөлігі болып табылатын интерактивті жұмыс қоғамдастығын құру арқылы әрбір адамның әлеуеті мен құзыреттерін белсендіріп, дамыта алады.

Пререквизиттері: Ғылым тарихы мен философиясы, Шетел тілі (кәсіптік), Жоғары мектеп педагогикасы, Басқару психологиясы, Көшбасшылықты оқытуға кіріспе

Постреквизиттері: Құндылықтарға бағдарланған көшбасшылық, Мектеп ұйымы құрылымына өзгерістер енгізу, Арнайы және кәсіби білім беру ұйымдарындағы басқару, Мектептің тиімділігін арттыру және дамытудың халықаралық тәжірибесі, Оқыту және өз бетімен білім алу сапасын арттыру: Іс жүзіндегі зерттеулер, Зерттеуді әзірлеу және өзгерістерді енгізу

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) Сандық құралдар мен технологияларды пайдалана отырып, ғылыми есептер, жарияланымдар мен презентациялар әзірлеу және тарату

В) Контекстке байланысты басқарудың оңтайлы тәсілін қолдану, құндылық жасау, белгіленгендерін қайта қарау, сондай-ақ білім беру ұйымдарының мәдениетін қолдау және дамыту

С) Кәсіби қызметте жобаларды басқару қағидаттарын және ресурстардың әртүрлі түрлерін қолдану

Д) Білім беру ұйымында сапалық және сандық өзгерістер мен дамуға бағытталған стратегиялық құжаттарды қалыптастыру

Е) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын және еңбек қатынастарын реттеуді меңгерген үміткерлердің психологиялық қасиеттері мен құндылықтарын және олардың білім беру ұйымының миссиясы мен көзқарасына сәйкестігін талдайды; топтың құзыреттілігін жүйелі түрде бағалайды және оның кәсіби дамуына үлес қосады; топта өзара сенім мен қолайлылықтың татуластық атмосферасын сақтайды; қақтығыстарды шешеді және әртүрлі қауымдастықтардың өкілдерімен қарым-қатынас жасайды

Дублин дискрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Инфрақұрылымды басқару және қаржы менеджменті

Бағдарлама авторы: п.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент) Есенғұлова М.Н.

Курсты оқытудың мақсаты: Бұл курстың мақсаты пәндік құзыреттіліктің келесі салаларын жетілдіру болып табылады: ұйымдастырушылық мәдениетті дамыту; саясат және нормативтік актілер саласындағы құзыреттіліктер саласы

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Магистранттар мектеп бюджетінің қалай құрылатынымен танысады және сыбайлас жемқорлыққа қарсы құндылықтарды толығымен қабылдай отырып, мемлекеттік сатып алу рәсімдерін зерттейді. Магистранттар мектепті дамыту, оқу ортасын жақсарту және студенттердің мүмкіндіктерін кеңейту үшін демеушілер тартудың жолдарын табады. Олар мектептің күнделікті қызметі мен қаржысын басқаруға қолайлы жылдық кестені жасайды. Магистранттар оқыту жағдайын мектеп бағдарламасымен және педагогикалық практикамен қатар дамыту керек деген түсінік қалыптастырады. Сондай-ақ олар қазіргі педагогикалық тәсілдерге сәйкес оқыту ортасын құрастыра отырып, пәндер мен оқу мазмұнының айырмашылығын тереңірек түсінеді.

Пререквизиттері: Ғылым тарихы мен философиясы, Шетел тілі (кәсіптік), Жоғары мектеп педагогикасы, Басқару психологиясы, Көшбасшылықты оқытуға кіріспе

Постреквизиттері: Құндылықтарға бағдарланған көшбасшылық, Мектеп ұйымы құрылымына өзгерістер енгізу, Арнайы және кәсіби білім беру ұйымдарындағы басқару, Мектептің тиімділігін арттыру және дамытудың халықаралық тәжірибесі, Оқыту және өз бетімен білім алу сапасын арттыру: Іс жүзіндегі зерттеулер, Зерттеуді әзірлеу және өзгерістерді енгізу

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- А) Білім беру ортасында басқару, мониторинг және бағалау процестерін жақсарту үшін цифрлық құралдарды қолдану
- В) Контекстке байланысты басқарудың оңтайлы тәсілін қолдану, құндылық жасау, белгіленгендерін қайта қарау, сондай-ақ білім беру ұйымдарының мәдениетін қолдау және дамыту
- С) Жалпы әл-ауқат пен этикалық көшбасшылық қағидаттарына сәйкес қауымдастықтар құру және басқару
- Д) Халықаралық және/немесе қазақстандық нормаларға сәйкес ұйымдық мәдениетті қалыптастыру
- Е) Білім беру ұйымы бюджетінің ерекшеліктерін түсінеді; қолайлы оқу ортасын құру үшін қаражатты (қаржылық, материалдық-техникалық) бөлуді басқарады; барлық білім алушылар мен мұғалімдер үшін қолайлы және қауіпсіз білім беру ортасына қажетті физикалық ресурстың ағымдағы жағдайын талдайды және жақсартуларды, оның ішінде бюджеттен тыс қаражат есебінен, жоспарлайды.

Дублин дискрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Арнайы және кәсіби білім беру ұйымдарындағы инфрақұрылымды басқару және қаржы менеджменті

Бағдарлама авторы: п.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент) Есенғұлова М.Н.

Курсты оқытудың мақсаты: Бұл курстың мақсаты пәндік құзыреттіліктің келесі салаларын жетілдіру болып табылады: ұйымдастырушылық мәдениетті дамыту; саясат және нормативтік актілер саласындағы құзыреттіліктер саласы

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Магистранттар арнайы және кәсіби білім беру ұйымдарының (дарынды балаларға, ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған мектеп-интернаттары, колледждер және т.б.) қалай қалыптасатындығымен танысады және сыбайлас жемқорлыққа қарсы құндылықтарды толығымен қабылдай отырып, мемлекеттік сатып алу рәсімдерін зерттейді. Магистранттар ұйымды дамыту, оқу ортасын жақсарту және студенттердің мүмкіндіктерін кеңейту үшін демеушілерді тарту жолдарын табады. Олар мектептің күнделікті қызметі мен қаржысын басқаруға қолайлы жылдық кестені құрастырады. Магистранттар оқыту жағдайды білім беру бағдарламасымен және оқыту практикасымен қатар дамыту керек деген түсінік қалыптастырады. Сондай-ақ олар білім алушылардың сұраныстары мен заманауи педагогикалық тәсілдерге сәйкес оқу ортасын қалыптастыра отырып, пәндер мен оқу мазмұнының айырмашылығы туралы түсініктерін тереңдетеді.

Пререквизиттері: Ғылым тарихы мен философиясы, Шетел тілі (кәсіптік), Жоғары мектеп педагогикасы, Басқару психологиясы, Көшбасшылықты оқытуға кіріспе

Постреквизиттері: Құндылықтарға бағдарланған көшбасшылық, Мектеп ұйымы құрылымына өзгерістер енгізу, Арнайы және кәсіби білім беру ұйымдарындағы басқару, Мектептің тиімділігін арттыру және дамытудың халықаралық тәжірибесі, Оқыту және өз бетімен білім алу сапасын арттыру: Іс жүзіндегі зерттеулер, Зерттеуді әзірлеу және өзгерістерді енгізу

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- А) Білім беру ортасында басқару, мониторинг және бағалау процестерін жақсарту үшін цифрлық құралдарды қолдану
- В) Контекстке байланысты басқарудың оңтайлы тәсілін қолдану, құндылық жасау, белгіленгендерін қайта қарау, сондай-ақ білім беру ұйымдарының мәдениетін қолдау және дамыту
- С) Жалпы әл-ауқат пен этикалық көшбасшылық қағидаттарына сәйкес қауымдастықтар құру және басқару
- Д) Халықаралық және/немесе қазақстандық нормаларға сәйкес ұйымдық мәдениетті қалыптастыру; кәсіби қызметте жобаларды басқару қағидаттарын және ресурстардың әртүрлі түрлерін қолдану
- Е) Білім беру ұйымы бюджетінің ерекшеліктерін түсінеді; қолайлы оқу ортасын құру үшін қаражатты (қаржылық, материалдық-техникалық) бөлуді басқарады; барлық білім алушылар мен мұғалімдер үшін қолайлы және қауіпсіз білім беру ортасына қажетті физикалық ресурстың ағымдағы жағдайын талдайды және жақсартуларды, оның ішінде бюджеттен тыс қаражат есебінен, жоспарлайды.

Модуль 4. Мектеп дамуы

Дублин дискрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Мектеп мәдениетін қалыптастыру және кәсіби қауымдастықтарды дамыту

Бағдарлама авторы: PhD, аға оқытушы Туякова У.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: Бұл курстың мақсаты пәндік құзыреттіліктің келесі салаларын жетілдіру болып табылады: көшбасшылық және құндылықтар саласындағы құзыреттіліктер; педагогикалық әрекеттердің зерттеулері; ұйымдастырушылық мәдениетті дамыту

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Магистранттар мектеп мәдениетін үнемі қолдау мен дамуды қажет ететін, өзгертуге және жақсартуға қабілетті орта деп түсінеді. Олар зерттеу негізінде мектеп мәдениетін қалыптастыру жолдарын зерттейді, инновация енгізуден кейін мектеп мәдениетіндегі өзгерістерді бақылау әдістерін қолданады және оларға ұтымды, жағдайға сәйкес жауап береді. Магистранттар әлеуметтік және білім беру ортасының, сондай-ақ адамдар топтары, жеке адамдар мен ұйымдар арасындағы өзара әрекеттесу жолдарын және олардың бір-біріне әсерін талдайды және бағалайды. Олар ортақ әл-ауқат құндылықтарына негізделген өзара әрекеттесудің жаңа әдістерін құрады немесе ескілерін жетілдіреді.

Пререквизиттері: Ғылым тарихы мен философиясы, Шетел тілі (кәсіптік), Жоғары мектеп педагогикасы, Басқару психологиясы, Көшбасшылықты оқытуға кіріспе

Постреквизиттері: Құндылықтарға бағдарланған көшбасшылық, Мектеп ұйымы құрылымына өзгерістер енгізу, Арнайы және кәсіби білім беру ұйымдарындағы басқару, Мектептің тиімділігін арттыру және дамытудың халықаралық тәжірибесі, Оқыту және өз бетімен білім алу сапасын арттыру: Іс жүзіндегі зерттеулер, Зерттеуді әзірлеу және өзгерістерді енгізу

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- А) Зерттеудің құрылымы мен тәртібін әзірлеу және зерттеу жүргізу, талдау, нәтижелерді жүйелеу, қорытынды жасау және оларды дәлелдеу
- В) Контекстке байланысты басқарудың оңтайлы тәсілін қолдану, құндылық жасау, белгіленгендерін қайта қарау, сондай-ақ білім беру ұйымдарының мәдениетін қолдау және дамыту
- С) Жалпы әл-ауқат пен этикалық көшбасшылық қағидаттарына сәйкес қауымдастықтар құру және басқару
- Д) Халықаралық және/немесе қазақстандық нормаларға сәйкес ұйымдық мәдениетті қалыптастыру; білім беру ұйымында сапалық және сандық өзгерістер мен дамуға бағытталған стратегиялық құжаттарды қалыптастыру
- Е) Өзара әрекеттесу және олардың әсерлерінің тетіктерін терең түсінеді; мектеп мәдениетін өзгерту жолдарын іс-жүзінде қолданады; жалпы салауаттылық бағытында мектеп мәдениетін өзгерту жоспарларын әзірлейді.

Дублин дискрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Білім беру саласындағы саясат және практика

Бағдарлама авторы: PhD, доцент Куанжанова К.Т.

Курсты оқытудың мақсаты: Бұл курстың мақсаты пәндік құзыреттіліктің келесі салаларын жетілдіру болып табылады: ұйымдастырушылық мәдениетті дамыту; саясат және нормативтік актілер саласындағы құзыреттіліктер саласы

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Магистранттар білім беру саясатын нормативтік-құқықтық актілердің қолданыстағы жүктелімінің түрлері және болашақта стандарттар, әдістемелік нұсқаулар мен практикалар жіктелімінің түрлері арқылы зерттейді. Олар білім беру саясатын құру үдерісін және олардың құрылымын қарастырады, сондай-ақ әртүрлі саясаттарды енгізуге әкелген өзгерістерді талдайды.

Пререквизиттері: Ғылым тарихы мен философиясы, Шетел тілі (кәсіптік), Жоғары мектеп педагогикасы, Басқару психологиясы, Көшбасшылықты оқытуға кіріспе

Постреквизиттері: Құндылықтарға бағдарланған көшбасшылық, Мектеп ұйымы құрылымына өзгерістер енгізу, Арнайы және кәсіби білім беру ұйымдарындағы басқару, Мектептің тиімділігін арттыру және дамытудың халықаралық тәжірибесі, Оқыту және өз бетімен білім алу сапасын арттыру: Іс жүзіндегі зерттеулер, Зерттеуді әзірлеу және өзгерістерді енгізу

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- А) Педагогикалық және кәсіптік проблемалық жағдаяттарға сыни талдау жасау және жоғары оқу орындарының педагогикасын одан әрі дамыту бағыттарын анықтау
- В) Білім беру жүйесін реттейтін түрлі ұлттық және жергілікті құқықтық актілер жүйесін талдау
- С) Білім беру ұйымдарындағы оқу ортасы мен үдерісінің даму бағыттарын ұйымдастыру, енгізу, түзету және болжау
- Д) Халықаралық және/немесе қазақстандық нормаларға сәйкес ұйымдық мәдениетті қалыптастыру; білім беру ұйымында сапалық және сандық өзгерістер мен дамуға бағытталған стратегиялық құжаттарды қалыптастыру
- Е) Білім беру саясатының мазмұнын және ұлттық және жаһандық деңгейдегі білім беру саясатындағы соңғы әзірлемелерді іздеуге болатын көздерді түсінеді; білім беру саясатын әзірлеуге сұранысты қалыптастырады; білім беру саласында саясатты әзірлейді және енгізеді; білім беру саясатын өлшеу үшін мониторинг тұжырымдамасын құрады; контекстік үйлестіру және қабылдау үшін білім беру саясаты тақырыптарымен қарым-қатынас орнатады.

Дублин дискрипторлары: A) B) C) D) E)

Пәннің атауы: Арнайы және кәсіби білім беру саласындағы саясат және практика

Бағдарлама авторы: PhD, доцент Куанжанова К.Т.

Курсты оқытудың мақсаты: Бұл курстың мақсаты пәндік құзыреттіліктің келесі салаларын жетілдіру болып табылады: ұйымдастырушылық мәдениетті дамыту; саясат және нормативтік актілер саласындағы құзыреттіліктер саласы

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Магистранттар арнайы және кәсіби білім беру мекемелерінің жұмысын мемлекеттік реттеу тетіктері бойынша білімдерін тереңдетіп, озық әлемдік тәжірибемен танысады. Магистранттар ресми және бейресми білім берудің ерекшеліктері мен айырмашылықтарын, оларды тағайындау және қайта есептеу әдістерін біледі. Магистранттар ұйымдастырушылық құрылымдар мен мәдениетті өзгерту үшін сенімді деректерді жинайды және пайдаланады. Олар оқытушылардың ұйым басшысымен бірге өзгерістерге жетекшілік ету қабілетін дамытады.

Пререквизиттері: Ғылым тарихы мен философиясы, Шетел тілі (кәсіптік), Жоғары мектеп педагогикасы, Басқару психологиясы, Көшбасшылықты оқытуға кіріспе

Постреквизиттері: Құндылықтарға бағдарланған көшбасшылық, Мектеп ұйымы құрылымына өзгерістер енгізу, Арнайы және кәсіби білім беру ұйымдарындағы басқару, Мектептің тиімділігін арттыру және дамытудың халықаралық тәжірибесі, Оқыту және өз бетімен білім алу сапасын арттыру: Іс жүзіндегі зерттеулер, Зерттеуді әзірлеу және өзгерістерді енгізу

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

A) Педагогикалық және кәсіптік проблемалық жағдаяттарға сыни талдау жасау және жоғары оқу орындарының педагогикасын одан әрі дамыту бағыттарын анықтау

B) Білім беру жүйесін реттейтін түрлі ұлттық және жергілікті құқықтық актілер жүйесін талдау

C) Білім беру ұйымдарындағы оқу ортасы мен үдерісінің даму бағыттарын ұйымдастыру, енгізу, түзету және болжау

D) Халықаралық және/немесе қазақстандық нормаларға сәйкес ұйымдық мәдениетті қалыптастыру Білім беру ұйымында сапалық және сандық өзгерістер мен дамуға бағытталған стратегиялық құжаттарды қалыптастыру

E) Арнайы және кәсіби білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық актілерді талдайды; нормативтік құжаттамаға және әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, даму және жетілдіру бойынша жеке жоспарларды талдайды және құрастырады; білім беру ұйымының алға басуын қадағалайды, оны білім беру үдерісінің барлық қатысушыларының әл-ауқатын жақсарту үшін бейімдейді.

ББ атауы және шифры: 7М01106-Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық (ІР)

Оқу мерзімі: 2 жыл

Қабылдау жылы: 2024

Компонент (ЖК/ТК)	Пән коды	Пән атауы	Семестр	Кредит саны
Модуль 2. Педагогикалық этика және құндылықтар (15 академиялық кредит)				
Беп ЖК	КВК 5302	Құндылықтарға бағдарланған көшбасшылық	3	5
Модуль 3. Тұрақты көшбасшылық және ұйымдастырушылық менеджмент (15 академиялық кредит)				
Беп ТК	MUKOZha 6306	Мектеп ұйымы құрылымына өзгерістер енгізу	3	5
Беп ТК	AKBBUB 6306	Арнайы және кәсіби білім беру ұйымдарындағы басқару	3	5
Модуль 4. Мектеп дамуы (15 академиялық кредит)				
Беп ЖК	MTDANT 6308	Мектептің тиімділігін арттыру және дамытудың халықаралық тәжірибесі	3	5
Модуль 5. Әрекеттерді зерттеу (23 академиялық кредит)				
Беп ЖК	OBBASA IZhZ 6309	Оқыту және өз бетімен білім алу сапасын арттыру: Іс жүзіндегі зерттеулер	3	7
Беп ЖК	ZAOE 6310	Зерттеуді әзірлеу және өзгерістерді енгізу	3,4	16

Модуль 2. Педагогикалық этика және құндылықтар

Дублин дискрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Құндылықтарға бағдарланған көшбасшылық

Бағдарлама авторы: PhD, доцент Рамазанова Д.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: Бұл курстың мақсаты пәндік құзыреттіліктің келесі салаларын жетілдіру болып табылады: көшбасшылық және құндылықтар саласындағы құзыреттіліктер: саясат және нормативтік актілер саласындағы құзыреттіліктер саласы

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Магистранттар мектеп практикасының, дамудың және көшбасшылықтың негізгі элементі ретінде құндылықтардың маңыздылығы туралы түсініктерін дамытады. Олар негізгі құндылықтар мектеп бағдарламасында және мектептегі күнделікті жұмыста көрінетін барлық мүдделі тараптарды қамтитын құндылыққа бағдарланған оқу қоғамдастығын құрады. Магистранттар сондай-ақ мектеп құндылықтарының көшбасшысы ретіндегі өздерінің рөлін түсінеді. Олар мектеп құндылықтарын күнделікті іс-тәжірибелерінде және кәсіби тұлғасын қалыптастыруда көрсетеді, бала құқықтарының мызғымас құндылықтарына ұмтылады. Магистранттар көптілді және көп мәдениетті ортада жұмыс істей алады және мектеп қауымдастығының әрбір мүшесінің мәдени мұрасын, әдеттерін және құндылықтарын құрметтей алады.

Пререквизиттері: Ғылым тарихы мен философиясы, Шетел тілі (кәсіптік), Жоғары мектеп педагогикасы, Басқару психологиясы, Көшбасшылықты оқытуға кіріспе, Педагогикалық практика, Білім беру сапасын бағалау, Қызметкерлерді басқару, Инфрақұрылымды басқару және қаржы менеджменті, Арнайы және кәсіби білім беру ұйымдарындағы инфрақұрылымды басқару және қаржы менеджменті, Мектеп мәдениетін қалыптастыру және кәсіби қауымдастықтарды дамыту, Білім беру саласындағы саясат және практика, Арнайы және кәсіби білім беру саласындағы саясат және практика

Постреквизиттері: Зерттеуді әзірлеу және өзгерістерді енгізу, Зерттеу практикасы

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- А) Зерттеудің құрылымы мен тәртібін әзірлеу және зерттеу жүргізу, талдау, нәтижелерді жүйелеу, қорытынды жасау және оларды дәлелдеу
- В) Мәдениетаралық кәсіби және өзара әрекеттесу жағдайында шет тілінде кәсіби деңгейде ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасау
- С) Жалпы әл-ауқат пен этикалық көшбасшылық қағидаттарына сәйкес қауымдастықтар құру және басқару
- Д) Халықаралық және/немесе қазақстандық нормаларға сәйкес ұйымдық мәдениетті қалыптастыру; білім беру ұйымында сапалық және сандық өзгерістер мен дамуға бағытталған стратегиялық құжаттарды қалыптастыру
- Е) Ұйымның құндылықтарын анықтайды және оларды құжат түрінде көрсетеді; адамның, балалардың, ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың құқықтарын қорғау жөніндегі негізгі халықаралық құжаттарды талдайды; өзінің кәсіби жағдайына және қоршаған білім беру және әлеуметтік ортаға сәйкес әдістерді қолданады; өз іс-әрекеттеріне ой жүгіртіп, әріптестер мен студенттердің іс-әрекеттерін талдайды; оқу қауымдастығының әл-ауқатына бағытталған іс-әрекет жоспарын құра біледі және топ басшысы ретінде оны жүзеге асыру тетігін біледі.

Модуль 3. Тұрақты көшбасшылық және ұйымдастырушылық менеджмент

Дублин дискрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Ұйымдастырушылық құрылымға өзгертулерді енгізу

Бағдарлама авторы: PhD, доцент Куанжанова К.Т.

Курсты оқытудың мақсаты: Бұл курстың мақсаты пәндік құзыреттіліктің келесі салаларын жетілдіру болып табылады: ұйымдастырушылық мәдениетті дамыту; саясат және нормативтік актілер саласындағы құзыреттіліктер саласы

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Магистранттар мектептің ұйымдастыру мәдениетінің ерекшелігін және оның педагогикалық көшбасшылықпен байланысы жайлы түсініктерін тереңдете түседі. Магистранттар ұйымдастырушылық құрылымдар мен мәдениетке өзгерістер енгізу үшін сенімді деректерді жинайды және пайдаланады. Олар мұғалімдердің мектеп басшысымен бірге өзгерістерге жетекшілік ету қабілетін дамытады.

Пререквизиттері: Ғылым тарихы мен философиясы, Шетел тілі (кәсіптік), Жоғары мектеп педагогикасы, Басқару психологиясы, Көшбасшылықты оқытуға кіріспе, Педагогикалық практика, Білім беру сапасын бағалау, Қызметкерлерді басқару, Инфрақұрылымды басқару және қаржы менеджменті, Арнайы және кәсіби білім беру ұйымдарындағы инфрақұрылымды басқару және қаржы менеджменті, Мектеп мәдениетін қалыптастыру және кәсіби қауымдастықтарды дамыту, Білім беру саласындағы саясат және практика, Арнайы және кәсіби білім беру саласындағы саясат және практика

Постреквизиттері: Зерттеуді әзірлеу және өзгерістерді енгізу, Зерттеу практикасы

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- А) Зерттеудің құрылымы мен тәртібін әзірлеу және зерттеу жүргізу, талдау, нәтижелерді жүйелеу, қорытынды жасау және оларды дәлелдеу
- В) Білім беру ұйымдарындағы оқу ортасы мен үдерісінің даму бағыттарын ұйымдастыру, енгізу, түзету және болжау
- С) Халықаралық және/немесе қазақстандық нормаларға сәйкес ұйымдық мәдениетті қалыптастыру
- Д) Білім беру ұйымында сапалық және сандық өзгерістер мен дамуға бағытталған стратегиялық құжаттарды қалыптастыру
- Е) Жергілікті, жаһандық немесе жеке зерттеулер негізінде меншік өзгерістер жоспарларын талдайды және әзірлейді; білім беру ұйымының алға басуын қадағалайды, оны білім беру үдерісінің барлық қатысушыларының әл-ауқатын жақсартуға бейімдейді.

Дублин дискрипторлары: A) B) C) D) E)

Пәннің атауы: Арнайы және кәсіби білім беру ұйымдарындағы басқару

Бағдарлама авторы: PhD, доцент Куанжанова К.Т.

Курсты оқытудың мақсаты: Бұл курстың мақсаты пәндік құзыреттіліктің келесі салаларын жетілдіру болып табылады: ұйымдастырушылық мәдениетті дамыту; саясат және нормативтік актілер саласындағы құзыреттіліктер саласы

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Магистранттар арнайы және кәсіби ұйымдарда басқару және көшбасшылық туралы білімдерін кеңейтеді. Магистранттар ғылыми зерттеулерді озық әлемдік тәжірибемен талдай алады. Магистранттар арнайы және кәсіби білім беру ұйымдары құрылымының ерекшеліктерін біледі, оларды өзгерту және жетілдіру бойынша мүмкін болатын ұсыныстар жасай алады.

Пререквизиттері: Ғылым тарихы мен философиясы, Шетел тілі (кәсіптік), Жоғары мектеп педагогикасы, Басқару психологиясы, Көшбасшылықты оқытуға кіріспе, Педагогикалық практика, Білім беру сапасын бағалау, Қызметкерлерді басқару, Инфрақұрылымды басқару және қаржы менеджменті, Арнайы және кәсіби білім беру ұйымдарындағы инфрақұрылымды басқару және қаржы менеджменті, Мектеп мәдениетін қалыптастыру және кәсіби қауымдастықтарды дамыту, Білім беру саласындағы саясат және практика, Арнайы және кәсіби білім беру саласындағы саясат және практика

Постреквизиттері: Зерттеуді әзірлеу және өзгерістерді енгізу, Зерттеу практикасы

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

A) Білім беру ортасында басқару, мониторинг және бағалау процестерін жақсарту үшін цифрлық құралдарды қолдану

B) Контекстке байланысты басқарудың оңтайлы тәсілін қолдану, құндылық жасау, белгіленгендерін қайта қарау, сондай-ақ білім беру ұйымдарының мәдениетін қолдау және дамыту

C) Жалпы әл-ауқат пен этикалық көшбасшылық қағидаттарына сәйкес қауымдастықтар құру және басқару

D) Халықаралық және/немесе қазақстандық нормаларға сәйкес ұйымдық мәдениетті қалыптастыру; кәсіби қызметте жобаларды басқару қағидаттарын және ресурстардың әртүрлі түрлерін қолдану

E) Арнайы және кәсіби білім беру ұйымдастыру саласындағы әдебиеттерді және әлемдік тәжірибені талдайды; білім беру ұйымының жұмысын жақсартады және оның білім алушылары мен қызметкерлерінің дамуына ықпал етеді.

Модуль 4. Мектеп дамуы

Дублин дискрипторлары: A) B) C) D) E)

Пәннің атауы: Мектептің тиімділігін арттыру және дамытудың халықаралық тәжірибесі

Бағдарлама авторы: PhD, аға оқытушы Туякова У.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: Бұл курстың мақсаты пәндік құзыреттіліктің келесі салаларын жетілдіру болып табылады: педагогикалық әрекеттердің зерттеулері; ұйымдастырушылық мәдениетті дамыту; саясат және нормативтік актілер саласындағы құзыреттіліктер саласы

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Магистранттар лайықты әлемдік тәжірибені нақты білім беру ұйымына ұсынып, бейімдей алуға көмектесетін тиісті әдебиет пен басқа материалдарды зерттеу арқылы мектептің тиімділігін арттыру және дамуының әлемдік тәжірибесін сыни тұрғыдан талдайды және бағалайды. Олар білім беру ұйымындағы өзгерістерді басқару дағдыларын дамытуға да қабілетті. Магистранттар сыртқы және ішкі бағалау негізінде мектеп қызметінің көрсеткіштерін анықтайды және жіктейді және білім беру ұйымының тиімділігін бағалаудың мемлекеттік стандарттарын зерделейді.

Пререквизиттері: Ғылым тарихы мен философиясы, Шетел тілі (кәсіптік), Жоғары мектеп педагогикасы, Басқару психологиясы, Көшбасшылықты оқытуға кіріспе, Педагогикалық практика, Білім беру сапасын бағалау, Қызметкерлерді басқару, Инфрақұрылымды басқару

және қаржы менеджменті, Арнайы және кәсіби білім беру ұйымдарындағы инфрақұрылымды басқару және қаржы менеджменті, Мектеп мәдениетін қалыптастыру және кәсіби қауымдастықтарды дамыту, Білім беру саласындағы саясат және практика, Арнайы және кәсіби білім беру саласындағы саясат және практика

Постреквизиттері: Зерттеуді әзірлеу және өзгерістерді еңгізу, Зерттеу практикасы

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) Педагогикалық және кәсіптік проблемалық жағдаяттарға сыни талдау жасау және жоғары оқу орындарының педагогикасын одан әрі дамыту бағыттарын анықтау

В) Білім беру жүйесін реттейтін түрлі ұлттық және жергілікті құқықтық актілер жүйесін талдау

С) Контекстке байланысты басқарудың оңтайлы тәсілін қолдану, құндылық жасау, белгіленгендерін қайта қарау, сондай-ақ білім беру ұйымдарының мәдениетін қолдау және дамыту

Д) Халықаралық және/немесе қазақстандық нормаларға сәйкес ұйымдық мәдениетті қалыптастыру

Е) Өзгерістерді басқарудың әдіснамалық негіздерін түсінеді; білім беру ұйымының даму стратегиясына әлемдік тәжірибені енгізеді.

Модуль 5. Әрекеттерді зерттеу

Дублин дискрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Оқыту және өз бетімен білім алу сапасын арттыру: Әрекеттерді зерттеу

Бағдарлама авторы: п.ғ.к., доцент Тоғайбаева А.К.

Курсты оқытудың мақсаты: Бұл курстың мақсаты пәндік құзыреттіліктің келесі салаларын жетілдіру болып табылады: педагогикалық әрекеттердің зерттеулері; ұйымдастырушылық мәдениетті дамыту

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Магистранттар практик ретінде әлеуметтік жағдайларда білім сапасын жүйелі түрде бақылау және өз тәжірибесінің ұтымдылығы мен әділдігін арттыру мақсатында өзіндік рефлексияның зерттеушілік дағдыларын дамытады. Магистранттар өзгерістерді басқару және әлеуметтік менеджмент саласындағы өз құзыреттерін кеңейтеді

Пререквизиттері: Ғылым тарихы мен философиясы, Шетел тілі (кәсіптік), Жоғары мектеп педагогикасы, Басқару психологиясы, Көшбасшылықты оқытуға кіріспе, Педагогикалық практика, Білім беру сапасын бағалау, Қызметкерлерді басқару, Инфрақұрылымды басқару және қаржы менеджменті, Арнайы және кәсіби білім беру ұйымдарындағы инфрақұрылымды басқару және қаржы менеджменті, Мектеп мәдениетін қалыптастыру және кәсіби қауымдастықтарды дамыту, Білім беру саласындағы саясат және практика, Арнайы және кәсіби білім беру саласындағы саясат және практика

Постреквизиттері: Зерттеуді әзірлеу және өзгерістерді еңгізу, Зерттеу практикасы

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) Зерттеудің құрылымы мен тәртібін әзірлеу және зерттеу жүргізу, талдау, нәтижелерді жүйелеу, қорытынды жасау және оларды дәлелдеу

В) Сандық құралдар мен технологияларды пайдалана отырып, ғылыми есептер, жарияланымдар мен презентациялар әзірлеу және тарату

С) Педагогикалық және кәсіптік проблемалық жағдаяттарға сыни талдау жасау және жоғары оқу орындарының педагогикасын одан әрі дамыту бағыттарын анықтау; білім беру жүйесін реттейтін түрлі ұлттық және жергілікті құқықтық актілер жүйесін талдау

Д) Кәсіби қызметте жобаларды басқару қағидаттарын және ресурстардың әртүрлі түрлерін қолдану

Е) Іс-әрекетті зерттеу әдісін білім беру ұйымында іс-жүзінде қолданады; әртүрлі әдістермен оқыту мен оқудың сапасын бағалау үшін шағын зерттеулерді жүргізеді; оқыту мен оқу сапасын арттыруды өз тәжірибесінде ғылыми білімге негізделген үдеріс ретінде түсінеді; зерттеу нәтижелері мен шешім қабылдаудың өзара байланысы мен жүйелілігін түсінеді; оларды зерттеу негізінде нәтижелерді жағдайлық үйлестіруді жүзеге асырады

Дублин дискрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Зерттеуді әзірлеу, мәліметтерді жинау және талдау

Бағдарлама авторы: п.ғ.к., доцент Есенғұлова М.Н.

Курсты оқытудың мақсаты: Бұл курстың мақсаты пәндік құзыреттіліктің келесі салаларын жетілдіру болып табылады: педагогикалық әрекеттердің зерттеулері; ұйымдастырушылық мәдениетті дамыту; саясат және нормативтік актілер саласындағы құзыреттіліктер саласы

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Магистранттар мәліметтерді жинау мен талдаудың әртүрлі әдістерін қолдану туралы білімдерін кеңейте отырып, ғылыми зерттеуді жобалау әдістемесін және оларды іс жүзінде жүзеге асыруды зерттейді. Олар сондай-ақ семинарларда топпен өтпелі жұмыс істеу арқылы халықаралық және ұлттық зерттеулерді жобалау стандарттарын үйренеді.

Пререквизиттері: Ғылым тарихы мен философиясы, Шетел тілі (кәсіптік), Жоғары мектеп педагогикасы, Басқару психологиясы, Көшбасшылықты оқытуға кіріспе, Педагогикалық практика, Білім беру сапасын бағалау, Қызметкерлерді басқару, Инфрақұрылымды басқару және қаржы менеджменті, Арнайы және кәсіби білім беру ұйымдарындағы инфрақұрылымды басқару және қаржы менеджменті, Мектеп мәдениетін қалыптастыру және кәсіби қауымдастықтарды дамыту, Білім беру саласындағы саясат және практика, Арнайы және кәсіби білім беру саласындағы саясат және практика

Постреквизиттері: Зерттеуді әзірлеу және өзгерістерді еңгізу, Зерттеу практикасы

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) Зерттеудің құрылымы мен тәртібін әзірлеу және зерттеу жүргізу, талдау, нәтижелерді жүйелеу, қорытынды жасау және оларды дәлелдеу

В) Сандық құралдар мен технологияларды пайдалана отырып, ғылыми есептер, жарияланымдар мен презентациялар әзірлеу және тарату

С) Білім беру ұйымында сапалық және сандық өзгерістер мен дамуға бағытталған стратегиялық құжаттарды қалыптастыру

Д) Ғылыми зерттеулердің құрылымын түсінеді; әдістемелік тәсілді талдайды; қарапайым эмпирикалық зерттеудің әдіснамалық тәсілін тұжырымдайды;

Е) Зерттеу жобасын әзірлеу кезінде ынтымақтастық және топтық жұмыс дағдыларын қолданады; өз диссертациясының ұсынысын немесе ғылыми-әдістемелік тәсілін аяқтайды.